

ЗАРАТУШТРАНЫҢ ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТТЕГІ ОРНЫ*

¹Сейдуманов Серік Тұрарұлы, ²Омарова Гүлнар Сейіткерімқызы

¹seidumanoff@gmail.com, ²fsd.philosophy@gmail.com

^{1,2}ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану

және дінтану институты

(Алматы, Қазақстан)

¹Seidumanov Serik, ²Omarova Gulnar

¹seidumanoff@gmail.com, ²fsd.philosophy@gmail.com

^{1,2}Institute for Philosophy, Political Science and

Religion Studies CS MSHE RK

(Almaty, Kazakhstan)

Аңдатпа: Мақалада зороастризм дінінің негізін қалаушы, Пайғамбар Заратуштраның тұлғалық болмысы мен ол туралы ғалымдардың көзқарастары сараланады. Зерттеу мақсаты адамзаттың тарихында терең ойлаудың, даналықтың ең көне үлгісінің бір көрінісі болған, Заратуштраның адамзат мәдениетіндегі орны мен оның адамзат рухани құндылықтарының дамуына, әлемдік діндердің қалыптасуына тигізген әсерін айшықтау. Заратуштраның ілімдері ежелгі көшпелілер өркениеті рухани құндылықтары негізінде қалыптасып, дала даналығы інжу маржандарының бір көрінісі болған.

Заратуштра әлеуметтік-мәдени органы қайта қалпына келтіріп, қоғамды жаңа құндылықтармен жаңғыртып, кемелдендіру мақсатымен өзінің ілімдерін таратуға тырысқан, алайда оның ілімдері көшпелі қоғамнан қолдау таппай, ол басқа кеңістіктерге кетуге мәжбүр болды. Кейін оның ілімдері Ауғанстан, Иран т.б. елдер арқылы бүкіл әлемге таралды. Заратуштраның әнұрандары көне дала көшпелі қоғамындағы ежелгі аңыздар, эпостық-жырлар негізінде қалыптасып дамыды, бұны «Авестаның» ескі жазбалары, «Гаттардан» байқауға болады. Заратуштраның рухани құндылықтары әлемдік мәдениетті даланың даналық әуендерімен байытып, оның әнұрандарындағы даналық ежелгі грек т.б. ойшылдардың дүниетанымына, әлемдік мәдениеттің дамуына терең ықпал етті. Заратуштра даналығы Ф. Ницше т.б. еңбектерінде терең айшықталады.

Қайта жаңғыру басталған қазіргі кезде қазақ халқының рухани құндылықтарын айшықты танып білу еліміздің келешек даму жолын анықтауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: қоғам, сабақтастық, руханилық, құндылық, ерекшелік, дәуір, даналық.

* Мақала № OR11465461 «Қазақстанның тұрақты даму стратегиясы контексіндегі қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын зерттеу» ғылыми бағдарламасы аясында шығарылды.

Кіріспе

Адамзаттың рухани құндылықтарының дамуына әсерін тигізген, зороастризмнің негізін қалаушы тарихи-мәдени тұлға Заратуштраның әлемдік мәдениеттегі орны ерекше. Заратуштра Орта Азияда көне түркілердің әлеуметтік мәдени ортасында дүниеге келіп, әлемдік діндердің, сонымен қатар антик ойшылдары дүниетанымының қалыптасуына терең ықпал етті. Бірқатар Кеңес ғалымдарының көп жылғы ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындылары нәтижесінде, зороастризм негізінен Орта Азияда пайда болып, осы кеңістік арқылы басқа әлемге таралғаны анықталған. Ғылымда зороастризмнің пайда болуының негізгі екі бағыты: Заратуштра мен оның даналық кітабының пайда болуының Мидиялық немесе Батыстық (А. Дюпперон, Дж. Дарместетер т. б.) және Шығыстық немесе Бактриялық (Х. Бартоломэ, Х. Ньюберг, В.В. Струве, Е.Э. Бертельс т. б.) теориялары қалыптасты.

Зороастризм көне ілкі түркілер (прототүркілер) мекендеген кеңістіктегі, көне эпостық жыр-аңыздары мен мәдени рухани құндылықтары негізінде пайда болып, әлемдік діндердің қалыптасуына, әлемдік мәдениет пен өркениеттің дамуына терең ықпал етті. Заратуштра өз ілімдерін халыққа түсіндіру мақсатында бүтін мәтіндерді әуезді жан тебіренер сарынға салып, ерекше дауыспен, ауызша жырлап, халыққа жеткізуге тырысқан. Заратуштраның әнұрандары алдымен санада ауызша сақталған. Кейін Иранда ежелгі пехлеви тілінде жазбаша қалпына келтіріліп, зороастризмнің қасиетті кітабы «Авеста» Иранда кітап болып басылып шығып, Ауғанстан, Азербайжан, Таяу және Орта Шығыс, Үндістан т.б. әлемге таралған. Өзбекстан, Азербайжан т.б. түркі елдерінде «Авеста» мәселесі зерттелгенімен, Заратуштраның тұлғалық болмысын, «Авестадағы» даналықтың философиялық қырларын Батыс, Шығыс мектептері секілді, әлемдік деңгейдегі ғалымдардың көкейтесті зерттеу нысанына алынатындай, түркілерге ортақ рухани құндылықтармен терең айшықталған «Авестаны» зерттейтін түркілерге ортақ зерттеу мектебі қалыптаспаған деген ойға келдік.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің методологиялық және теориялық негізіне нақты тарихилық, тарихилық пен логикалықтың бірлігі қағидаларын басшылыққа ала отырып, салыстырмалы талдау, герменевтикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің ғылыми маңызы аталған мәселелерді тарихи-мәдени тұрғыда анықтауда бірқатар ғылымдардың жүйелі байланысында зерделеу басты

назарға алынды. Салыстырмалы-тарихи талдау әдісі арқылы Заратуштра ілімдері ілкі түркілердің көне эпостық жыр-аңыздары мен мәдени рухани құндылықтары негізінде пайда болып, әлемдік діндердің қалыптасуына, Батыс, Шығыс ойшылдары дүниетанымына ықпалы, оның идеяларының маңызы талданады.

Заратуштра: тарихи-мәдени тұлға

Заратуштра зороастризм дінінің негізін қалаушы, әлемдік мәдениетте алғашқы даналық ой-пікірлерді қалыптастырушылардың бірі. Ол даналықтың адам мен қоғамды өзгертуге ықпал ететін рухани күш екенін танып, өзінің ілімдерін, жаңашылдықты өзі өмір сүретін ілкі түркілердің әлеуметтік-мәдени ортасына енгізуге талпынды. Заратуштра өзінің діни ілімдеріндегі қайырымдылық пен зұлымдықтың аражігін ашып, адамға рухани әлемнің сырын ашып, қоғам адамдарына әлем ізгілік пен мейірімділіктен ғана емес, қайырымсыз зұлымдықтан да тұратынын түсіндірмек болды. Осы мақсатта ол өзі өмір сүрген әлеуметтік-мәдени ортадағы адам мен қоғамды реттейтін рухани құндылықтардың үйлесімді қатынасын орнатып, оның адам игілігіне қызмет етуіне бар күш жігерін жұмсаған данышпан.

Ғылымда Заратуштра өмір сүрген уақыт пен кеңістік туралы алуан түрлі көзқарастар қалыптасты. Гректер Заратуштраны «Зороастр» – «жұлдызшы» – деп атаған. Ғалымдар көне грек, рим, вавилон т.б. антик авторлары еңбектерінде Заратуштра туралы көзқарастардың сақталуы, «Авестадағы» Жаратушы Құдай Ахура Мазданың Заратуштраға берген нұсқауларына қарап, Заратуштра өмірде болған, тарихи тұлға екендігіне күмән келтірмейді. Ирантанушы Ө. Күмісбаев Заратуштра Будда, Махавира, Конфуций секілді тарихи тұлға екендігін айтады [1, 8 б.]. Заратуштраның шын өмірде болған тарихи тұлға екендігі «Авестаның» ежелгі нұсқасымен жазылған он жеті Әнұрандарында («Гаттарда») оның Спитама Заратуштра есімі мен оның тегі анық аталып, оның қайғысы мен қасіреті жайында баяндалуы оның тарихи тұлға екенін анық дәлелдейді. Зороастризмнің қасиетті кітабы «Авестада» Заратуштра Ахура Мазда жіберген жолдауларды халыққа ерекше әуенмен, терең сезімге толы, зармен жеткізген. Бұл тұтас өлең түріндегі мәтіндер «Гаттар» – «Әнұрандар» белгілі бір әуезбен айтылатын жыр ма, әлде, қандай жанр екені әлі де толық шешімін таппаған. Бұл мәтіндерде Табиғат, адам мен әлем, жан-жануарлардың жаратылуы, емшілік-медицина, сот реформалар, о дүние мен бұ дүние сыры т. б. этикалық құндылықтар баяндалған. Р. Алшанов Заратуштра «дұғаны ерекше әдіспен, әнмен

айтатын адам, оның дауысы інгеннің боздаған үнін еске түсіреді» дейді [2, 426-427 бб.].

Зартуштраның есімін әр түрлі халықтар өзіне қолайлы етіп атаған, халық арасында оның: Зороастр, Затраустер, Заратустра, Зороастер, Зартушт, Зардуш, Зәрдешт, Зердешт, Зердушт, Заратуштра, Зәрдеш, Йаратұш т.б. дейтін есімдері сақталған. Данышпанның Затраустер есімі Диодор шығармаларында аталады. Е.А. Дорошенко, В.И. Абаев, Ж. Дюшен-Гийемен Пайғамбар есімінің мазмұны – «түйе жетектеген адам» дейтін мағына беретіндігі жөнінде айтады. Түйе бейнесі қырғыздың батырлық эпосы «Манаста» көмекке келетін желаяқ, желмая болып көрінетіні белгілі. Түйені түркі халықтары мифологиясында пір тұтып, киелі жануар санайды.

Отандық зерттеушілер У. Х. Шалекенов-Баласағұни, С.И. Оспанов, Р.А. Алшанов т. б. Зартуштраның есімін фонетикалық тұрғыда зерделей келе Заратуштра, «Зоротуштра» – сөзінің мәні, «Зор-От-Ұстаушы» дейтін мағына беретініне тоқталды [2, 424 б.]. Зерттеуші С.И. Оспанов Заратуштра болмысын «Жаратушы» деңгейіне көтеріп, оның ілімдерін жаратушылық ілім деп, атай келіп, ол «Даналықтың Бірінші иегері» болып табылатындығы жөнінде атап көрсетті [3, 108 б.]. Бұл көзқарастармен У.Х. Шалекенов-Баласағұнидың пайымдаулары бір арнадан шықты [4, 3 б.]. Бірқатар зерттеушілер К. Аюбай, Р. Алшанов т. б. С.И. Оспановтың бұл көзқарастарын сынға алып, Құдай, ол Жаратушы, ал Пайғамбар оның адамдарға жіберген елшісі екендігін тілге тиек етіп, Зартуштраны Жаратушы деңгейіне көтерген бұл көзқарастарының қисынсыз екенін алға тартты. Зартуштраны кейбір ғалымдар Жайықтың шығысын қоныстанған сақтардан шыққан десе, кейбірі «қазіргі Пәкістан, Ауғанстан-Батыс Үндістаннан жерлерін біріктіріп сол кезде «Сакстан» атанған елден шыққан..., батыстықтар «Заратуштра» иран тілінде «сары» немесе «түйе иесі», – дегенді білдіреді десе, заратуштрашылық діннің өз ғұламасы, – дәстүр С.Х. Джабвала: бұлай айту батыстықтардың қателігі, ескі кітаптарда «Заратуштра» «Біріншінің Жаратқаны», «Даналықтың Бірінші Иегері» дегенді білдіреді дейді [3, 108 б.]. С. Оспанов біз соңғы екі атаудың 1-сі ақиқат, ал 2-ші балама атау деп, оның біз шамалаған алтай-прототүркі-протоиран халықтарының ортақ байырғы тілге жақын түбірі «жарату» деген мағынаға сәйкес келеді деп, есептейміз» [3. 108 б.] дей келіп, С. Оспанов Жаратушылық ілімдер туралы ойын «Заратуштра-Декарт-Юнг: тұйықталған шеңбер» атты мақаласында айшықтайды.

Зерттеушілердің Заратуштра өмір сүрген уақыт туралы мәліметтері де әртүрлі. В. Хеннинг Заратуштра б. з .д. 630 - 553, 628 - 551, 618 - 541 жж. өмір сүрген болуы мүмкін десе, Ксанф Лидийский Заратуштра б. з. д.

1700 -1500 жылдары өмір сүрген дейді [5, 8 б]. Кейбір Кеңес және Еуропа ғалымдары Заратуштра б. з. д. I мыңжылдықта өмір сүрген деп есептейді.

Пайғамбар отбасымен бақташылық және егіншілікпен айналысып, көшпелі ілкі түркі қоғамында өмір сүрген тайпалардан шыққан [6, 122 б.]. Заратуштра 3 әйелге үйленіп, 2 әйелінен бірнеше балалары болған. Бала дүниеге жылап келетін болса, аңыз бойынша Заратуштра туылған кезде өмірге күліп келген екен, бұл құбылыстан оны қоршаған адамдар, оның қасиет қонған сәби екенін болжаған. Заратуштраға 30-жасында Пайғамбарлық қонған (Ясна 43), осыдан бастап Пайғамбар өз ілімдерін халыққа таратуға бел байлап, ел арасына шығып таң сәриде Ахура Маздадан келген аяндарды жан тебіренер үнмен, халыққа тұтас мәтіндерді әуезбен жеткізетін болған. Заратуштра халық арасына шығып дүниенің ақыры болатыны, о дүниедегі мәңгі өмір мен бұл дүниедегі істеген жақсы жаман істер үшін адамның жауап беруі хақ екені, табиғат пен адамның, жануарлардың жаратылуы т. б. туралы зар айтып, адамдар осы мәселелерді түсіне алмай қапы қалмауы керек, дейтін көзқарастарымен адамға ақыл кеңес береді. Заратуштра адам о дүние қамын ерте ойлауы керектігі жайында айтып, ел аралап, о дүние мен бұл дүние арақатынасы т.б. әлемнің сыры туралы жырлап, зар айтып халыққа жеткізуге тырысқан. Р. Алшанов Заратуштра есімінің мәніне ең ықтимал сәкес келетін мағына, оның есімінің «Зар айтушы» дегенді білдіруі екендігі жөнінде өз ойын білдірді [2, 424 б.].

Заратуштраның жан тебіренер зары, оның ілімдері көшпелі қоғам адамының жүрегін елжірете алмады. Ол Ахура Мазда Құдайға жалбарынып, ілімдерінің халықтан қолдау таппағанын, бұл зарын әнұрандарына қосып, Ахура Маздаға қайғы мұңын төгіп, жалбарынып, мақсатқа жеткізуін сұрайды (Ясна 48). Ғалымдар Заратуштраның зар айту сарыны Қорқыт ата, Хұтып Хорезми, А. Йүгінеки, Асан Қайғы т. б. жырауларға келіп ұласатынын айтады [7, 44 б.].

М.С. Орынбеков Заратуштра ілімдері уағыздалған «Авестаның» ең көне нұсқасы б. з. д. II – I мыңжылдықтарда қалыптаса бастағанын, зороастризм қазақ топырағында ежелде пайда болғанын, оның жаңа бөліктері жазбаша түрде б. з. д. IV - III ғғ. дейін жазылғандығы жайында айтады [8, 75 б.].

Заратуштра өмір сүрген әлеуметтік мәдени ортада арий т. б. ілкі түркі тайпалар өмір сүрген, Заратуштраның осы тайпалардың бірінен шыққаны туралы Еуропа, Ресей, отандық, түркі елдері ғалымдарының көзқарастары бар (Дж. Дарместетер, У. Шалекенов – Баласағұни, Р. Алшанов т. б.). «Авестада» Заратуштраның Ариана жайлауынан келгені, «Авеста» жазбаша деректерінде баяндалады. Бұл кеңістік ілкі түркілердің ата қонысы

(Қ. Серікпаев, Б. Көмеков, У.Х. Шалекенов - Баласағұни, Р. Алшанов т. б.). «Жағарапиялық әнұранда» Ахура Мазда арилықтардың жайлауын Датия өзені жағасында жаратқаны айтылады. Бұл мекенді Ардви (Әмудария) мен Датия (Сырдария), әрі қарай Баруқаш (Каспий теңізі), сонымен қатар Чайчаста (Арал теңізі) өңірлері болып табылатыны туралы ғалымдар Қ. Серікпаев [9. 7 б.], Б. Көмеков, У. Х. Шалекенов - Баласағұни, Р. Алшанов т. б. еңбектерінде көрініс тапты. Алайда, Заратуштраның түркілік шығу тегімен келіспейтін ғалымдар бар екенін айтауымыз керек. Сондықтан бұл мәселелер терең зерттелу нысанында.

Далалық ілкі түркілердің материалдық және рухани құндылықтары С.С. Черников, Р. Груссе, Я. Мураками, Дж. Фрезер, Ә. Марғұлан, А. Қасымжанов, К. Ақышев, К. Байпақов, Ж. Құрманқұлов, М.С. Орынбеков, С.Б. Бөлекбаев, С. Нұрмұратов т. б. еңбектерінде көрініс тапты. Терең материалдық және рухани құндылықтарды өмірге әкелген ежелгі қазақ жерінде дәурен кешкен ілкі түркілер бірегей мәдениеттерді қалыптастырып, адамзат өркениетіне зор үлес қосты.

Көне түркілердің наным-сенімі «Тәңір». Түркі ата-бабаларымыз ғарыш Тәңірдің мекені деп, қадірлеп Зеңгір Көк Аспан, Жер - Су, Ай, Күнге киелі ұғым ретінде қараған. Тәңіршілдік дүниетанымда ілкі түркілер Айға, Күнге, Жер мен Суға табынғаны Көк түркілердің жазбаша руна ескерткіштері және қағазға түскен «Ырық бітік» жазуы ашылғанға дейін, ауызша түрде дамыған, көне эпостар мен ежелгі жыр аңыздардан белгілі болуы жайында Ә. Марғұлан атап көрсетті. «Оғызнаме» дастанында Оғыз қаған бірінші әйелінен туған ұлдарына Ай, Күн, Жұлдыз деген есім берсе, екінші әйелінен туылған үш ұлға Көк, Тау, Теңіз – деп, ат беруінен түркілердің дүниетанымындағы Көк Тәңіріне деген ерекше құрметін байқаймыз [1. 9 б.]. Бұл ежелгі заманнан бастап қалыптасып, кейін Көк түріктердің тасқа басылған руна сына жазуында жалғасын тапты.

«Биікте Көк Тәңірі,

Төменде қара жер жаралғанда,

Ортасында адам баласы жаралған...» (М. Жолдасбековтың аудармасында) [10, 364 б.] дейтін Күлтегін жазуында түркілер адам мен элем туралы дүниетаным бағдарларын, наным-сенімін айқындап, өзіндік ұстанымдарын қалыптастырған. Осы негізде олардың элеуметтік мәдени ортасында тұрмыс тіршілігі мен салт дәстүрлерінде өзіндік мінез-құлық пайда болып, өмірлік бағыт-бағдар қалыптасты. Тәңір дінінде көне түркі ел басқарушы қағандарға да құт қонған тұлға ретінде қаралып, олардың тұлғалық болмысы ерекше құрметтеліп, Зеңгір Аспанда Тәңір, жердегі Қағанға Құдайдың жарылқаған, құт қонған адамы ретінде құрмет көрсетілген.

Заратуштра Пайғамбар өз ілімдерін тәңірлік сенім орныққан қоғамда дүниеге әкелді. Осы құндылықтарды негізге алып, ол адам мен қоғамды өзгертуге тырысты, бірақ көшпелі қоғамның өз заңдылықтары, орныққан өз наным-сенімі, рухани-мәдени дүниетанымы бар еді. Зороастрылықтардың да өзіне тән ерекше дәстүрлері қалыптасқан. Мәселен, зороастрылықтардың діни дәстүрлерінде олардың дүниеден өткен адамды жерлеу салтында адамның мүрдесі дәстүр бойынша тасты-далалы алқаптарға тасталатын болған. Тәңіршілдікте ата-баба рухына құрмет көрсетуге терең мән берілетін. Ежелгі тәңіршілдік наным-сенімді берік ұстанған қоғам бұл жаңа құндылықты қабылдамады. Кейбір ғалымдар бұл құбылыстың сырын алуан түрлі бағалады.

Заратуштра ілімдерінің әлемдік мәдениетке әсері

Заратуштра өз ілімдерін тарату мақсатында алыс аймаққа қоныс аударып, парсы жерінде Виштаспа атты елбилеуші тарапынан қолдау тауып, бұл дін ежелгі парсыларға таралып, алғашында ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп, әлемге тарайды. Парсылар да зороастризмді өздеріне қолайлы етіп қабылдағаны Накширустам мәдениетінен байқалған. Зерттеушілер арасында Ирандағы парсы зороастризімінің өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты, Иран зороастризімін зороастр дініне жатқызуға бола ма? деген көзқарастар қалыптасты. Бехистун жазбаларында зороастризмді ұстанған елбилеушілердің мүрделері тасталмағаны артефактілермен, Накширустам жартастарынан да анықталған. Ғалымдардың зерттеулеріне қарағанда, парсылар зороастризмді қабылдап, бұл діннің дәстүрлерін орындау барысында бұл дінге өзіндік ерекшеліктер енгізгені, шынайы зороастрліктердің наразылығын тудырғаны байқалған. Осы тұрғыдан зерттеушілер парсылардың зороастризм дәстүрлеріне өзіндік ерекшелігін орнықтырғанына қарап, Струве, И.М. Дьяконов т. б. ахеменидтердің бұл көзқарастарынан зороастризм дініне бірқатар өзгерістер енгізілгені жайында пайымдайды.

Ресей ғалымдарының зерттеу қорытындылары («Топыраққала» мәдениеті) ғылымда сенсациялық бетбұрысты көзқарастардың қалыптасуына ықпал етті. Бұл зерттеулерден кейін Заратуштра және оның ілімдері зороастризм мен оның қасиетті кітабы «Авеста» Орта Азия өңірінде дүниеге келген дейтін әйгілі көзқарастар айқындалды. Бұл туралы осы саланы зерттеген С.П. Толстов, В.В. Струве, К.В. Тревер, Е.Э. Бертельс, И.М. Дьяконов, А.О. Маковельский, С.Г. Кляшторный, Т.И. Сұлтанов т. б. еңбектерінде көрініс берді. Осы көзқарастарды қолдай отырып, Б. Көмеков, У. Шалекенов - Баласағұни, Т. Еңсегенов,

С.И. Оспанов, Қ. Серікпаев, Р. Алшанов т. б. отандық ғалымдар да бұл құндылықтар Орта Азияда дүниеге келген деген қорытындыға келді. Т. Еңсегенов Батыс Европа ғалымдары И. Маркварт, Х. Нюрнберг, М. Бойс та осы көзқарастарды қолдайтынын тілге тиек етеді. Бұл көзқарастар Өзбекстан, Азербайжан т. б. түркі елдері ғалымдарының еңбектерінде айшықталып, тіпті, Азербайжан, Өзбекстан т. б. көне рухани құндылықтар «Авестадан» бастау алады дейтін көзқарастар да қалыптасқан.

Ғалымдар Заратуштра Пайғамбар темір, қола, жез, алтын, күміс т. б. бұйымдар жасалып, қару жарак, темір үзенгі, доңғлақты арба, алтын әшекейлер т. б. кең қолданыста болған б.з.д. I мыңжылдықта Орта Азияда өмір сүрген дейтін қорытындыға келген [11, 51 б]. Темір әкелуші ілкі түркілер туралы Ә.Марғұланның «Бегазы-Дәндібай» т.б. мәдениеттерін ашуы көне түркілерді зерттеуге үлкен жаңалық әкелді. Ә. Марғұланның қола бұйымдар жасалған ежелгі қола дәуірінде ауызша көне жыр-эпостар, аңыз-эпсаналар қалыптасқаны жайында көзқарастарын білдірді [12, 80 б.]. «Топыраққала», «Ақайым-Сынтасты» мәдениеттерінің т. б. ашылуы рухани бастаулардың айқындалуына жол ашқанмен, осы күнге дейін бұл құндылықтар терең зерттеу нысанында қалды, бұл мәселелерді ғылымдардың жүйелі байланысында терең зерттеу маңызды.

Заратуштра ілімдері дүниеге келген б. з. д. I мыңжылдықта ілкі түркілердің материалдық және рухани құндылықтары, адам мен әлем туралы мифологиялық дүниетанымы, ежелгі аңыздық желілерден құралған көне эпостық-жырлары қалыптасып, көптеген ғажайып аңыздар ауызша түрде дамыды. Академик, тарих ғылымдарының докторы М.Қ. Қозыбаев: «Дала өркениеті әлемдік дамуға ең алдымен тәңірлік дүниетанымды берді, Зәрдеш (зороастр) дінін таратты; металл қорытудың ордасы болды... өзіндік дүниетаным қалыптастырды т.б. дала Гомерлері бай ауыз әдебиетін жасады» – дейді [13, 4 б.].

Заратуштраның дүниетанымы туралы антик ойшылдары шығармаларында мәліметтер сақталды. Заратуштраның ой-пікірлері грек ойшылдарының дүниетанымына терең әсер етті. Эллинизм дәуірінің мәдениеті данышпан Заратуштра туралы әртүрлі көзқарастар мен аңыздар қалыптастырып, бұл архетиптік бейнені (Юнг) Еуропалық мәдениетке тарихи сабақтастық арқылы жаңғыртып, жеткізді. Эллиндік дәуір Заратуштра туралы көптеген синкреттік мифтерді қалыптастырды [14, 313 б.]. Грек аңыздары бойынша, Заратуштра ақиқатты іздеп тауға көтерілгенінде, аспаннан жалын құлағанмен, оның Заратуштраға зияны тимеген. Осының әсерінен Заратуштраның жан дүниесінде ерекше қасиет – даналыққа құштарлық пайда болғаны туралы айтылады. Эллиндік

антик дәуірінде Заратуштра жұлдызшы (астролог) және сиқыршы (маг) ретінде қабылданып, ол туралы көптеген аңыздар ортағасырлық Еуропаға жеткен [15, 2 б.]. Христиан діні пайда болғанға дейін алуан түрлі аңыздар Азиялық данышпан Заратуштра мен оның ілімдері туралы грек ойшылдары арасына кең тарады. Плиний, Пифагор, Платон, Аристотель т.б. дүниетанымында Заратуштра ғажайып сиқыршы, жұлдызшы ретінде танымал болғанмен, оның адам мен әлемге, адам мен табиғатқа, даналыққа деген сүйіспеншілігі грек ойшылдарына, Платон философиясы мен неоплатонизмнің қалыптасуына ықпал етті. Евдокс Книдскийдің пайымдауынша, Заратуштраның көзқарастары Платонның «Табиғат туралы» шығармасының жазылуына ықпал еткен. Платонның замандасы, әрі шәкірті Евдокс Книдский: «можно предположить, что иранское учение наложило свой отпечаток на дуализм греческого философа...» деп, Заратуштраны ұстазы Платонмен салыстырған [11, 23 б.]. Пифагор т.б. Заратуштраны өз ұстазы санаған.

Дж. Дарместетер ежелгі гректерден ортағасырларға Маздеизм туралы, Заратуштра есімі, ол туралы аңыздардан басқа зерттеулер болмағанмен, оның сиқыршы емес, даналықтың құпия ғылымдарының білгірі екені, оның әнұрандарында ғылым негіздері қаланғаны анықталды, гректер оны даналықтың сырын меңгерген ғұлама ретінде танып, Қайта Өрлеу дәуірінде Заратуштра туралы нағыз зерттеулер басталғанын айтады. Дж. Дарместетер батыс зерттеушілері данышпан Заратуштра мен оның ілімдері туралы грек-рим авторларының мәліметтерін жинады, мұны Барнабе Бриссон іске асырғанын айта келе, Азиядан шыққан данышпан туралы алғашқы антик шығармалары келесі мыңжылдықта италян, ағылшын, француз саяхатшылар Пьетро делла Валле, Генри Лорд, Габриель дю Шинон т.б. зерттегенін, олар Индия мен Персиядан зороастризмнің жолын ұстанушыларды тауып, олардың салт-дәстүрлерін зерттегенін айтады [15, 3 б.]. Габриель дю Шинон олардың кітаптарын көріп, оның бәрі бір тілде жазылғанын байқап... Томас Хайд ежелгі парсы дінінің тарихын қалпына келтіру барысында, бұл жазбалар түп нұсқа емес, парсы дәуірінің соңғы кезеңінде өкінішке орай, қолдан жақын уақытта құрастырылған дүние екені анықталған екен. Дж. Дарместетер: «С помощью Парсов и Авесты мы можем вернуться к самому сердцу того самого важного периода в истории религиозной мысли, который стал свидетелем слияния арийского разума с семитским и таким образом мы открываем вторую стадию арийской мысли» [15, 2 б.] дейді. Дж. Дарместетер пайымдауындағы «Авестаның» көмегімен арийлер ақыл-ойының екінші кезеңіне қайта оралу, бұл көшпелілер өркенитін, көне арийлер рухани құндылықтарын ашуға үлкен мүмкіндік туындап отырғанын байқатып отыр.

Дж. Дарместетер бұл ұлы шығармаға үлкен құрметпен, сүйіспеншілікпен қарап, өткен ежелгі дәуір сонау алыс заманда болса да, бұл қазына келер уақыт арнасында да өзінің өзектілігін еш уақытта жоймайтындығын, бұл ұлы шығарма «Авестаның» кейін шыққан діндерге терең әсері болғанын айта келе, бұл шығарма адамзат ақыл ойының көкжиегі болып табылатын, арийлер жасаған бірегей рухани құндылық екенін білдіре келіп: «...в древние времена, греки, первым изучили ее. Аристотель, Гермипп и многие другие писали об этом в книгах, из которых, к сожалению, до нас не дошло не более нескольких фрагментов. Мы находим ценные информации об этой рассеянной книге, в рассказах историков и путешественников, охватывающих более десяти столетий, начиная с Геродота вплоть до Агафия и Прокопия... Ксанф Лидиец, который жил до Геродота, упомянул имя Зороастра...» дейді. Прокл Заратуштра туралы жазылған 70 дәптерді сақтап, осы дәптерлердегі Заратуштра ілімдеріне қатысты 5 түсініктеме (комментарий) жазған» [15, 3 б.]. Батыс Еуропада «Авеста» туралы 49 томнан тұратын коллективтік аударма жұмысы шығарылған. Ежелгі парсы дінін зерттеуді ертедегі гректер Платон, Аристотель, Гермипп т.б. бастаған, өкінішке орай, бұл туралы сақталған маңызды мәліметтер бізге жетпеді. Заратуштра даналығы көне антик дәуірінен бастап ортағасыр, Қайта Өрлеу дәуірі ойшылдары дүниетанымына өз ықпалын тигізіп, кейін бүкіл Еуропаға таралды. Еуропалық ғалымдар Заратуштра мен оның қасиетті кітабы «Авестаға» үлкен қызығушылық танытып, олар императорлар сарайы жанындағы ғылыми зерттеу орталарында Заратуштра туралы антик заманынан т.б. қолжазбаларды жинақтап, бастырып шығарды. Сократ т.б. еңбектері жазбаша күйінде сақталмағаны белгілі, Сократ шығармалары оның шәкірттері арқылы таралғанын еске алсақ «Авеста» жазба күйінде сақталғандықтан, бұл ескерткіш бүгінгі ғылымда кең зерттеулердің жүргізілуіне септігін тигізері айқын.

XIX ғ. аяғында Ф. Ницше құндылықтарды құдай идеясымен алмастыруды іздеуде Заратуштра туралы өз аңызын қалыптастырып, «Заратуштра осылай деді» еңбегін жазды. Ғалымдар Ф. Ницшенің 1883 - 1885 жж. жазылған әлемдік классикалық мұралар қатарына жататын еңбегінің табиғи болмысын танып білу үшін, оны тек неміс тіліндегі түпнұсқада оқу керектігі жайында кеңес бергенімен, бұл еңбек аудармасында да Ф. Ницшенің мәні терең еңбектерінің бірі болып қала беретініне күмән жоқ. Ф. Ницшенің бұл еңбегіндегі кейіпкер, 30-жастағы Заратуштра туған жерінен тау-тас аралап, жалғыз болуға бекініп, кетуге мәжбүр болуы, он жылдай уақыт өткен соң Заратуштра өзінің бойында ерекше даналық пайда болғанын сезіп, оны адамдармен бөлісіп, адамдарға

түсіндіруге бел бұғанын айтып, Ф. Ницше Заратуштраның жан дүниесін өзінше түсіндіруге тырысады» [16, 7 б.]. Заратуштра адамдарды жақсы көретінін айтқан қария, оны бірқатар уақыт орманда қалып қалып, өмір сүруге көндірген. Ф. Ницше Заратуштраның мораль, психология, заң, табиғат, адам мен әлемнің жаратылуы т.б. этикалық-философиялық тақырыптарда эңұрандарын қалдырғаны жайында айтады. Ницшенің «Речи Заратустры» бөліміндегі, «О трех превращениях» « [16, 21 б.] бөлімшесінде Заратуштра данышпанның ойын жеткізіп, адам рухы үш түрленуден өтуі керек, соның 1-шісінде рух түйеге, 2-ші сатыда көтерілу үшін арыстанға айналуға ұмтылады, өмірді өзгертуге ұмтылу, айқасу, не де болса алға өрлеу сатысы. Бұдан кейін 3-ші таза сәбилік сатысы, бәріне қол жеткізген соң, бар адамды тең жақсы көріп, пәк таза күйде әулиелік сатыға өту, рухтың жаңа бағытқа ұмтылатыны пайымдалады [16. 21-24 бб]. Заратуштраның ілімдерін, оны қоршаған қарапайым халық түсіне алмады. Ф. Ницше осы ойды білдіре келе, барлық адамдардың шын мәнінде жақсы деп жүргені, шын мәнінде жақсы емес. Ол жақсы болса, ол істі шынайы жақсы деу керек. Шын мәнінде жамандық басым түсіп отырады. Ойшыл Ницше сол жаман күндердің өзі жақсы екенін айтады.

Ф. Ницше «Предисловие Заратустры» бөлімінің, «О сверхчеловеке и последнем человеке» бөлімшесінде, асқақ адам (сверхчеловек) идеясы айшықталады: «...И обратился Заратустра к народу словами: «Я учу вас о Сверхчеловеке. Сверхчеловек смысл земли! Заклинаю вас, братья оставайтесь верны земле и не верьте тем, кто говорит вам о неземных надеждах» дей келіп Ф. Ницше асқақ адам көзқарастарындағы «Что есть счастье мое?», «В чем добродетель моя», «В чем справедливость моя» [16, 10 б.] т. б. деп, Заратуштраның философиялық пайымдаулары жайында ой қозғай келе, хайуан мен асқақ адамның арасында тік жартастың шыңырауында керілген жалғыз арқаннан өту де, өтпеу де, тұрып қалу да, кері қайту да, алдыға жылжу да, алдыға жылжымау да қатер төндіреді [16, 12-13 бб.]. Дүниенің оң, теріс қырларын танудың сыры мол, дұрыс жолдың абзалын таңдау қиын. Заратуштра ескі құндылықтар негізінде, жаңаны орнықтырып, қоғамды, адамды өзгертпек болды, орнықтыра алмады. Ол не істеу керек еді? Заңды, қоғамды, адамды өзгерту керек пе еді? Көне қоғам адамдары жаңаны түсінбеді, бұрынғыша өмір сүргісі келді, өзгерісті, жаңаны қабылдамады, данышпан жаңаны басқа кеңістіктерге алып кетті.

Ал, қазіргі ХХІ ғасырда Қазақстанның тұрақты дамуын қамтама-сыз ету мақсатында жаңа әділетті қоғамды құрып, жаңғырту үшін жаңа қоғам құруды неден бастау абзалырақ. Алып жаһандық табиғи, тарихи әлмисақтан келе жатқан даму заңдылығының қыр-сыры мол. Ескі мен

жаңаның арақатынасын қалай түсіне аламыз? Заманауи жаһандық құбылыстар бұрынғыша өмір сүруге мүмкіндік бермегенде, заманауи қажеттілікті қанағаттандыратын құндылықтар орнықтырылмағанда, кәрі тарихтың болмай қоймайтын даму заңы орнығып, бұл үрдіс жаңа қоғамның заманауи тарихи дамуының талабымен, ескі құндылықтарды ығыстырып, күні жеткен ескі дәуір кетіп, тарихи кезеңдерде жаңа дәуірдің дамуына жол беріп, адамзат қоғамы осындай даму жолынан өтіп отырған. Осылайша ескі қоғам кетіп, жаңа дәуірдің таңы атып, табиғи, тарихи заңдылықтардың нәтижесінде, алма кезек дүние, өз кезегімен келіп отырған. Біз бұл тарихи үдерісті қалай түсіне аламыз? Жаһандық даму ғылымда тарихи-мәдени құндылықтарды зерттеудің жаңа әдістерін дүниеге әкеліп, ұлттың, қоғамның дамуын жаңаша танып білуде бұрынғы көзқарастарды ығыстырып, жаңа көзқарастардың дүниеге келуіне ықпал етуде. Біз осы құндылықтарды айшықты танып білуіміз керек. Бәрін өзгерту де, өзгертпеу де, жаңаны әкелу де, әкелмеу де болмай қоймайтын алып жаһандық заманауи үрдіс толқынын тоқтата ала ма? Тарихи сабақтастық арқылы ұлттық құндылықтарымыз жаңғырып, жаңарып осы күнге жеткен болса, онда оны келер уақыт арнасында да нығайтып, жаңаша жаңғыртып ертеңгі ұрпаққа жеткізуге үлкен мүмкіндігіміз бар.

Әйгілі неміс сазгері Р. Штраус 1896 жылы Ф. Ницшенің аталған еңбегінен терең шабыт алып, Ницшенің осы кітабының құрметіне «Заратустра осылай деді» атты 9 бөлімді симфония жазып қалдырған екен. Ф. Ницшенің бұл еңбегі Р. Штрауска ғана емес, кейінгі өнер мен мәдениет, философия мен әдебиет т. б. салаларда мәні терең шығармалардың дүниеге келуіне ықпал етті. Соның бірі отандық зерттеуші, жазушы Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» атты постмодернистік шығармасының «Заратуштра» бөлімінде аңыз бойынша Заратуштраның нұрдан жаратылып дүниеге келуі, сонымен қатар автордың романына ерекше шырай беріп тұрған құндылықтардың қатарында адамзаттың інжу маржанына айналған «Авеста» қасиетті кітабында есімдері аталатын Заратуштра, арий көне тайпаларды билеген Йима патша т. б. туралы бейнеленеді. «Арий» көне заманда дала мәдениетін қалыптастырушы тайпалардың бірі. Біз сөзді зерттеу барысында, оның «Ар» түбірі түркі руна жазуларында өте көп кездесетіні байқалды. Автор, Д. Амантай бүгінгі оқырманның жан дүниесіне ежелгі дәуірдегі «Авеста» мен Заратуштра т. б. туралы құндылықтарды жаңамен астастыра айшықты көрсетеді. «Авестада» кездесетін бірқатар сөздердің ішінде «Бахт» сөзінің этимологиясына біз осы сала маманы болмағандықтан, лингвист т.б. маман ғалымдарының назарын аудару мақсатында тоқтала кетелік, бұл сөзді ғалымдар «бақыт» – «счастье» деп түсіндірген екен. Кейбір ғалымдар бұл сөзді түркілік

«Бахқұт» сөзімен байланыстырса, кейбір ғалымдар «Бахт» араб-парсы сөзі екенін айтады. Профессор Е. Тұрсынов «Бақсы» сөзінің түбіріндегі «бах», («бақ») – Құдай, «шы» – қосымша – Құдайдың қызметшісі, құлы мағынасында деп түсіндіреді («Тәңір текті түркілер», Алаш айнасы, 22 ақпан 2015 ж.). Бұл жердегі «Бақ» сөзі – Құдай. Ал, «Құт» – жан, өмірлік қуат, рух т.б. көп мағынасы бар, қазақ дүниетанымында қасиетті ұғым, Орхон руникалық түркі жазуында кездеседі. Құт мекен, құт-береке құтты қоныс (Асан қайғы, М. Қашқари «Құтты білік») т. б.

Пайғамбарлар дәуірі

«Пайғамбарлар дәуірі» аталған кезеңді К. Ясперс «кіндік дәуір» – деп атаған (б. з. д. 800 – 200 жж.) бұл дәуірде әлемнің әр түрлі кеңістіктерінде Пайғамбарлардың шығуы кездейсоқ болған құбылыс емес екенін әлем ғалымдары байқаған [17, 98-99 бб.]. «Әлемдік мәдениет тағдырын мыңжылдықтар көлемінде кескіндеген рухани қозғалыстардың ұяда қанат қағып, қияға шырқаған уақыты... Ол есімдер әлемдік діндердің, әрқайсысы бір-бір құрлық іспетті діни-философиялық жүйелердің символдарына айналған... қытайда Конфуций мен Лао-Цзы, Үндістанда Будда, Иранда Зәрдешт, сосын тау-тасы күнге күйген Палестинада пайғамбарлар... шықты» [17, 98-99 бб.]. Құранда жер бетіне 124 мың (кейбір деректерде 224 мың) Пайғамбар келгені айтылады. Құранда оның 28-нің ғана аты аталады екен. М. Орынбеков б. з. д. 600 жыл бұрын заратуштрашылдық пайда болып, Үндіде Гаутама Будда, Қытайда Конфуций, Йудей Пайғамбарлары, Римдегі Нума патша, Элладада алғашқы ионшыл философтар, дорийлықтар... қатарлас бір уақытта діни ұғымдардың қайта құрулары кездейсоқ болуы мүмкін емес екенін айтады. «Бұл таңғаларлық сәйкестіктің себебі тек қана адамзат пен халық өмірінің субстанциялық бірлігінде. Бұл халықтың рухани дүниесінің ғана гүлденуі емес, адам өмірінің бүкіл халықтарға тән серпінісі» деп, ғалым М. Орынбеков ертедегі ұлы мәдениеттердің иелері болған халықтардың тарихи ортақ түп тамырын Орта Азияның көне тарихынан іздеу керектігін айтады [18, 22 б.]. «Авестада» алғаш жер бетінде адамзатқа патша болған адам туралы аңыз бар.

Бүгінгі күні ғылымдардың жүйелі байланысындағы инновациялық зерттеулер нәтижесінде үлкен жаңалықтардың ашылуы, ғалымдарды, адамзатты таңқалдыруда.

Заратуштра ілімдерінің маңызы, оның білімдерінің әлемдік діндер мен мәдениеттердің, ойшылдардың дүниетанымының қалыптасуына әсер етуі, жалпы адамзаттың дамуына ықпалы, тұтас ұрпақтар оның жолымен

жүріп, оның идеяларын үлгі-өнеге тұтуы, оның рухани дүниесіндегі білім қайнарларының бүгін өзектілігінің артуы, оның идеяларының бүгінгі ғылым-біліммен терең астасуы, Заратуштра білімінің тереңдігінен хабар береді. Т. Еңсеген Заратуштра дүниетанымың қалыптасуына әсер еткен арналар ол көшпелі қоғамның дала даналығы екенін, оның даналығы дала көшпелі қоғамының жыр-аңыздары негізінде, тұтас жыр үлгісінде жасалғанын айтады. Дала пайғамбары Заратуштра осы қасиетті кітапты дүниеге әкелгенде «өзіне дейінгі және сол тұсындағы шығыс жұртшылығының және сол аймақ елдерінің даналығын, халыққа тараған ғажап жырларды кеңінен пайдаланғанын бұл саланы зерттеушілер ғылыми негізде тұжырымдайды» – дейді [19, 47 б.].

Ә. Марғұлан ұлы мәдениеттерді қалыптастырған халықтардың бірі бақташы-көшпелі, металл өндірушілер, әлем мәдениетімен ықпалдастықта тоғыз жолдың торабында орналасқан Ұлы Жібек жолы арқылы әлемнің түкпір-түкпірімен сауда экономикалық байланысын орнатқан ілкі түркілердің өзіне тән рухани-мәдени және материалдық бірегей мәдениеті, ежелгі жыр аңыздары болғанын жан жақты зерттеді. Ол көне дәуірдің рухани құндылықтары қола дәуірінде дамыған ауызша ежелгі жыр аңыздардан басталатынын тілге тиек етеді.

Орта Азия көшпелі қоғамында Тәңірге табынған әлеуметтік мәдени ортадан шыққан Заратуштра Пайғамбардың адам мен әлемді тану туралы этикалық, философиялық көзқарастары ілкі түркі рухани құндылықтарының бір арнасы болғаны айқын. Заратуштра Пайғамбар көне дәуірде Ахура Маздадан берілген уахи-хабарларын көшпелі халық арасына алдымен ауызша таратты. Заратуштрашылдық Тәңір діні дамыған ортада қалыптасқанымен, сол көшпелі қоғамнан қолдау таппай басқа кеңістіктерге кетті. О. Сүлейменовтің тәңіршілдік әлемдік діндердің қалыптасуына терең әсер еткен сенім болғаны туралы көзқарастары М. Орынбеков, С. Оспанов, Т. Еңсегенов т. б. еңбектерінде де көрініс берді.

С.И. Оспанов «Тәңірлік пен заратуштрашылдық діндердің дүниеге келген жері біздің арғы тектеріміз тіршілік еткен Орта Азия. Сол аумақта заратуштрашылдық дінінен жүздеген, мүмкін мыңдаған жыл бұрын қалыптасқан тәңірлік дүниетанымның мазмұны мен мән-мағыналары «Авеста» мазмұнына пропозициялық (сәйкестік) және оппозициялық (ерекшелік, айырмашылық, қарама-қарсылық) жақтарымен еніп, оның этикалық негіздерінің бұрынғыдан айқын нұсқаларының қалыптасуына шешуші әсер еткен. Қазіргі 50-ден астам түркі халықтарының арғытектік бастауларын берген сақтар ұстанған тәңірлік дүниетаным адамзат тарихындағы діни дүниетанымдардың ең алғаш канондық кредоларының нұсқаларын қалыптастырған» – дейді [21, 15 б.]. Т. Еңсеген Тәңірлік дін

негіздері «Авеста» әнұрандарында терең көрініс беретінін ашып, оның канондарының нормалары алғаш рет «Тәңірлік дінде қалыптасқандығын ғылыми негізде тұжырымдау қажет» дейді [19, 47 б.]. Заратуштрашылдық тәңірге табынған көшпелі қоғамнан өрбіп шыққан дейтін пайымдаулар М. Орынбеков, С. Оспанов, Т. Еңсегенов, У. Шалекенов-Баласағұни, Р. Алшанов, Ж. Бейсенбаев т. б. отандық ғалымдардың көзқарастары бір арнадан шықты.

Заратуштра мен оның ілімдері көшпелі қоғамда қалыптасып, бұл рухани қазына басқа әлемге көне түркілер арқылы жеткені жайында ғалымдардың көзқарастары қалыптасты.

Қорытынды

Заратуштраның ілімдері даланың Тәңір діні негізінде орнығып, ілкі түркі бабаларымыздың адам мен әлем туралы мифологиялық дүниетанымы қалыптасқан қоғамда пайда болды. Ілкі түркілердің әлеуметтік мәдени ортасында ежелгі аңыздық желілерден құралған көне эпостық-жырлар негізінде қалыптасқан бұл ғажайып аңыздар алдымен санада ауызша түрде сақталып, рухани сабақтастықпен жаңғырып, ұрпақтарға берілді. Мәдени сұхбат аясында ертедегі өркениеттермен терең байланыста, ықпалдастықта дамыған бұл құндылықтар Зәрдештің даналығында жаңғырып, жаңаша өңделіп, түрленіп халықтық наным сенімнің негізінен алынған үлгіден бүтін діни ілім қалыптасты.

Заратуштраның даналығы бүкіл әлемге таралып, адамзат мәдениетінің бірегей қазынасына айналып, оның адам мен әлемнің жаратылуы, заң, медицина т. б. этикалық, эстетикалық тұрғыдағы көне дәуірде қалыптасқан рухани құндылықтары, дала даналығы қайнар бастауларының бір үлгісі екендігі айқын. Заратуштраның даналығы ежелгі грек ойшылдарынан бастап Ницше т. б. Батыс, Шығыс әлемі ойшылдарының дүниетанымына терең әсерін тигізді. Заратуштра ежелгі дәуірде дүниеге әлемді танудың жаңа үлгісін әкелді, оның сол ежелгі дәуірдегі көзқарастары әлі де бүгінгі ғылымдағы адам мен әлем, болашақтағы қоғамның дамуы туралы мәселелерді қайта зеттеуге ықпал ететін құндылықтар т. б. терең өзекті күйінде қалып отыр. Заратуштра әнұрандарында көрініс берген жаратылыстану, адам мен әлемді, әділеттілікті іздеу, ақиқатты тану жолындағы ұшы қиырсыз білімдер жинағы бүгінгі күнгі қоғамымызды жаңғыртуда ғылымды жаңаша зерттеуге ықпал ететін бірегей рухани құндылық болып табылады. Р. Алшанов жаратылыстану, ғарыш, экологиялық т. б. көкейтесті құбылыстардың алдын алуға «Авестадағы» білімдердің маңызы зор екені жайында айтады. Заратуштраның адам

мен қоғамды өзгертуге арналған көзқарастары ілкі түркі көшпелі қоғамында алдымен ауызша түрде таралып, оның өсиеттері кейін ежелгі пехлеви тілінде, жазбаша түрде Иранда дүниеге келген, бұл құндылықтар «Авестаның» көне бөлімі «Гаттарда» сақталды. Заратуштра ілімдері әлемдік мәдениетке зор ықпал етті. Заратуштраның даналығынан туындаған «Авеста» кітабы өзектілігін жоймаған, адам игілігіне, ғылымның дамуына, қызмет ететін маңызы зор адамзаттың бірегей рухани құндылығы болып қала береді.

Еліміздің өткен өміріндегі көне дәуірлерден қазіргі кезге дейінгі рухани құндылықтарын жан-жақты айшықтау, тарихи сана көкжиектерін айқындау елімізде қоғамның жаңғыруы аясында қоғамымыздың жаңа бағытта дамуына жол ашады. Бұл құбылыстарды ғылымдардың жүйелі байланысында зерттеудің маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Күмісбаев Ө. Шығыс Шайырлары. – Алматы: Дәуір, 2015. – 312 б.
- 2 Алшанов Р. Тайны двадцати тысячелетий: поиски и открытия. – Алматы: «Университет Туран», 2021. – 548 с.
- 3 Оспанов С.И. Зороастризмнің идеялық негіздері және ұлттық рухани-мәдени бастаулар // Қоғам және дәуір. – № 2. – 2008. – С. 107-114 бб.; Қараңыз: С. Оспанов «Заратуштра-Декарт-Юнг: тұйықталған шеңбер».
- 4 Шалекенов У. Арийлердің діни-наным сенімдері // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. – «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» Сериясы, №3 (25). – 2010. – 3-12 бб.
- 5 Дорошенко Е.А. Зороастрийцы В Иране (Историко-этнографический очерк). – М.: Наука, 1982. – 133 с.
- 6 Қадырбаев А.Ш. Арий Заратуштра – первый Пророк мировых религий // Иран-Наме. – 2(26). – 2013. – С. 120-125.
- 7 Бейсенбаев Ж. «Скиф-Анахарсис» пен Ұлы Пайғамбар, ғалым Қызыр Ильяс (Заратуштра) // Ақиқат. – № 7. – 2007. – 43-48 бб.
- 8 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 240 б.
- 9 Серікпаев Қ. Тайны тысячелетий. – А., Signet Print, 2010. – 333 б.
- 10 Жолдасбеков М. Ұлы дала әдебиеті. – Астана: Ғылым, 2018. – 416 б.
- 11 Брагинский. «Авеста» Состав // Авеста в русских переводах. (1861-1996 гг.). С-П. журнал «Нева», Летний Сад, 1998. – 477 с.
- 12 Марғұлан Ә.Х. Шығармаларының толық жинағы. Т.1. – Алматы: Алатау, 2007. – 608 б.
- 13 Қозыбаев М.Қ. Қазақ тарихы – дала өркениетінің құрамды бөлігі // Егемен Қазақстан. – 3 шілде, 1998. – 6-7 бб.
- 14 Заратуштра // Религия. Энциклопедия. – Минск: Книжный дом, 2007. – 959 с.

15 The zend-Avesta, part 1, The Vendidad, Translated by James Darmasteter. Oxford University Press, 1880. – 301 p.

16 Ницше Ф. Так оворил Заратустра. – Алма-Ата: Жазушы, 1991. – 304 с.; Иоганн Рау, Жұмабаева Г. Фридрих Ницшенің философиясы мен өмірі туралы очерктер. Монография. – Алматы, 2017. – 192 б.

17 Әуез М.М. Ділім. – Алматы: Жібек жолы, 2017. – 456 б.

18 Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1996. – 168 б.

19 Еңсеген Т. «Авеста» түркілерге ортақ мұра. – Алматы, 2011. – 392 б.

20 Оспанов С.И. Арғытектану негіздері. – Алматы, 2009. – 543 б.

Transliteration

1 Kumisbaev O. Shygys Shajyrlary [Eastern Resins]. – Almaty: Dəuir, 2015. – 312 b.

2 Alshanov R. Tajny dvadcati tysjacheletij: poiski i otkrytija [Secrets of Twenty Millennia: Searches and Discoveries]. – Almaty: «Universtitet Turan», 2021. – 548 s.

3 Ospanov S.I. Zoroastrizmniң idejaluқ negizderi zhəne ыlttuқ ruhani-mədeni bastaular [Ideological Foundations of Zoroastrianism and National Spiritual and Cultural Origins] // Qoғam zhəne dəuir. – № 2. – 2008. 107-114 bb.; karaniz: Ospanov S.I. «Zaratushtra-Dekart-Jung: tujyktalғan шеңбер».

4 Shalekenov U. Arijlerdin dini-nanym senimderi [Religious Beliefs of the Aryans] // Abaj atyndagy QazUPU-dyn Habarshysy, «Tarih zhane saјasi-aleumettik gylymdar» serijasy. – №3 (25). – 2010.

5 Doroshenko E.A. Zoroastrizm v Irane (Istoriko-jetnograficheskij ocherk) [Zoroastrians in Iran (Historical and Ethnographic Essay)]. – M.: Nauka, 1982. – 133 s.

6 Kadyrbaev A.Sh. Arii Zaratushtra – pervyj Prorok mirovyh religij [Arius Zarathushtra – the First Prophet of World Religions] // Iran-Name. – 2 (26). – 2013. – S. 120-125.

7 Beysenbaev Zh. «Skif-Anaharsis» pen Uly Pajgambar, galym Kyzыр Il'ias (Zaratushtra) [“Scythian-Anacharsis” and the Great Prophet, Scholar Kyzыр Ilyas (Zarathushtra)] // Akikat. – №7. – 2007. – 43-48 bb.

8 Orynbekov M.S. Genesis religioznosti v Kazahstane [Genesis of Religiosity in Kazakhstan]. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – 240 b.

9 Serikpaev Q. Tajny tysjacheletij [Secrets of the Millennium]. – A.: Signet Print, 2010. – 333 b.

10 Zholdasbekov M. Uly dala adebieti [Great Steppe Literature]. – Astana: Gylım, 2018. – 416 b.

11 Braginskij «Avesta» Sostav [“Avesta” Composition] // Avesta v russkih perevodah. (1861-1996gg.). – S-P. zhurnal «Neva», «Letnij Sad», 1998. – 477 s.

12 Margulan A.H. Shygarmalarynuң tolyk zhinagy [Complete Collection of Works], T.1. – Almaty: Alatau, 2007. – 608 b.

13 Kozybaev M.K. Kazakh tarihy – dala orkenietiniң kuramdy boligi [Kazakh History is an Integral Part of Steppe Civilization] // Egemen Kazahstan, – 3 shilde 1998. – 6-7 bb.

14 Zaratushtra [Zarathushtra] // Religija. Jenciklopedija. – Minsk: Knizhnyj dom, 2007. – 959 s.

15 The zend-Avesta. – part 1. – The Vendidad, Translated by James Darmasteter, Oxford Universiti Press, 1880. – S. 301.

16 Nische F. Tak govoril Zaratustra [Thus Spoke Zarathustra]. – Alma-Ata: Zhazushy, 1991. – 304 s., Iogann Rau, G. Zhumabaeva Fridrih Nicsheniң filosofijasy men omiri turaly ocherkter. Monografija. – Almaty, 2017. – 192 b.

17 Әuez M.M. Dilim [My Mentality]. – Almaty: Zhibek zholy, 2017. – 456 b.

18 Orynbekov M.S. Ezhelgi kazaktuң dьnyietanymy [World View of the Ancient Kazakh]. – Almaty, Gylym 1996. – 168 b.

19 Ensegen T. «Avesta» tyrkilerge ortaq myra [“Avesta” is a Common Heritage of Turks]. – Almaty, 2011. – 392 b.

20 Ospanov S.I. Argytektanu negizderi [Basics of Archaeology]. – Almaty, 2009. – 543 b.

Сейдуманов С.Т., Омарова Г.С. Место Заратустры в мировой культуре

Аннотация: В статье раскрывается сущность личности одного из величайших творцов культурного созидания, основоположника древнейшей религиозной системы Заратустры, показывается значимость его идей в человеческой культуре. Цель исследования показать место Заратустры в истории и культуре, и его влияние на развитие человечества и формирование мировых религии. Его учение – одно из древнейших образов глубокого мышления и мудрости. Учение Заратустры формировалось на основе духовных ценностей древней кочевой цивилизации. Заратустра стремился обогатить и модернизировать общество новыми ценностями, чтобы восстановить социокультурную среду. Однако его учение не было признано обществом. Не находя поддержки в среде, учение Заратустры распространились по всему миру через Афганистан, Иран и другие страны и оказали огромное влияние на развитие человеческой культуры и духовных ценностей, формирование мировых религий. Его религиозно-этические, философские и другие духовные ценности о человеке и мире стали одним из истоков жемчужин степной мудрости древности. Гимны Заратустры формировались на основе древних легенд, эпосов древнего степного кочевого общества. Это можно проследить в древних писаниях «Авесты» («Гат»). Духовные ценности Заратустры обогащают мировую культуру мудрыми мелодиями степей, а его степные гимны оказали глубокое влияние на формирование мировоззрения древне-греческих и античных мыслителей. Мудрость Заратустры отражают работы Ф. Ницше («Так сказал Заратустра») и др.

Возрождение духовных ценностей казахского народа позволит продолжить прошлое через духовную преемственность с настоящим, определить завтрашний путь развития нашей страны, оценить опыт племен, населявших древнюю казахскую землю, в диалоге с поликультурами в соответствии с требованиями сегодняшнего времени.

Ключевые слова: общество, преемственность, духовность, ценности, особенность, эпоха, мудрость.

**Seidumanov S.T., Omarova G.S.
Zarathustra's Place in World Culture**

Abstract: The article reveals the essence of personality of one of the greatest creators of cultural creation, the founder of the ancient religious system Zarathustra and reveals significance of his ideas in the culture of mankind. The purpose of the study: to show the place of Zarathustra in history and culture, his influence on the development of mankind and formation of world religions. His teaching is one of the oldest examples of deep thinking and wisdom. The teachings of Zarathustra were formed on the basis of the spiritual values of the ancient nomadic civilization, on the basis of legends and epics of the ancient steppe nomadic society. This can be traced in the writings of the Avesta (Gat). Zarathustra sought to enrich society with new values, but his teaching was not recognized by society. Not finding support in their own environment, the teachings of Zarathustra spread throughout the world through Afghanistan, Iran and other countries. His religious, ethical, philosophical and other spiritual values became one of the sources of steppe wisdom. The spiritual values of Zarathustra enrich world culture with the wise melodies of the steppes, and his steppe hymns had a profound influence on the formation of the worldview of Greek and other ancient thinkers. The wisdom of Zarathustra is reflected in the works of F. Nietzsche (“Thus Said Zarathustra”) and others.

The revival of the spiritual values of the Kazakh people will allow us to continue the past through spiritual continuity with the present, determine the future path of development of our country, evaluate the experience of the tribes that inhabited the ancient Kazakh land, in dialogue with polycultures in accordance with the requirements of today.

Keywords: society, continuity, spirituality, values, peculiarity, era, wisdom.